С 1988 по 1991 гг. он работает на родном факультете журналистики, с небольшими перерывами на госслужбу и защиту кандидатской диссертации. Окончил Академию государственной службы при Президен-те РК (2002 г.) С 2009 года по настоящее время - доцент, профессор, бессменный заведующий кафедрой изда¬тельско-редакторского и дизайнерского искусства КазНУ им. аль-Фараби. Студентам повезло: в одном лице профессор Ж.Бекболатулы - теоретик и практик с широким кругозором. Он гармоничен и за рабочим столом, и в студенческой аудитории, и на трибуне международных конференций, и в издательском доме, и на университетском субботнике.

Ж.Бекболатулы является одним из организаторов социального института пресс-службы в Казахстане, о деятельности которой готов рассказывать часами. В послужном списке – должности заместителя директора Департамента СМИ Министерства информации, культуры и общественного согласия РК, начальника управления информации города Алматы (2003). Приобретенные им знания были направлены на создание новой специальности «Связь с общественностью». Шагая в ногу со временем, участвовал в проектах «Электронная энци¬клопедия Казахстана» и электронный переводчик «Сөзкөмек».

Прекрасная память, благородство помыслов, благодарность судьбе за встречи с наставниками и единомышленниками (М.Исиналиев, Ж.Исмагулов, Г.Кайырбеков, Р.Нургали, М. Барманкулов, Е.Шаймерденов, Ж.Кенжалин и мн. др.), совмещается у него с ежедневными переводами текстов на казахском и русском языках. Он глубоко увлечен терминологией казахского языка и историей, член редакционного Совета республиканского журнала «Терминология және аударма». В 2013 году им был издан сборник литературных произведений и архивных материалов об отечественной истории Тархане Шакшаке Жанибеке.

Последние несколько лет Ж. Бекболатулы целенаправленно посвятил развитию казахстанско-польских научных контактов, в связи с чем в 2012-2013 гг. прошел по программе «Болашак» научную стажировку в университете им. А. Мицкевича, г. Познань (Польша). Польские коллеги теперь - частые гости КазНУ им. аль-Фараби, а наших студентов, магистрантов и преподавателей журфака радушно встречают в польских вузах! Казахская лексика с легкой руки Ж. Бекболатулы звучит теперь в аудиториях польских университетов, а информация о Технопарке КазНУ им. аль-Фараби размещена в престижном польско-казахском Экономическом бюллетене (2016 г.).

Публикации Ж. Бекболатулы в газетах и журналах рождают споры и дискуссии у читателя, т.к. в своем творчестве он стремится дойти до сути проблемы, вызывая интерес специалистов и коллег к обсуждению вопроса.

Труд энергичного педагога, инициативного исследователя, публициста, гражданина своей страны, организатора высшей школы Ж. Бекболатулы оценен по достоинству, он награжден юбилейной медалью «10 лет независимости Республики Казахстан» (2000 г.), знаком «Почетный работник образования РК» (2010).

Профессор Ж. Бекболатулы находится в постоянном творческом поиске. За серию материалов об исламском банкинге в 2011 г. он удостоен Гран-при кон¬курса Фонда «Самрук-Казына», его заслуги по созданию электронной энциклопедии «Казахская Википедия» также были особо отмечены. Можно смело утверждать, что им создана школа журналистского мастерства, он чувствует ритм жизни и оперативно реагирует на ее вызовы честным трудом.

**Гюльнар МУКАНОВА,**
*кандидат исторических наук, доцент*

*Жалғасы. Басы 2 -бетте*

# Мың жасаған шаһар және ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіз Қазақстанның төл шежіресі, тарихтың жаңа беттері ел өміріндегі талай жарқын істердің ошағы, білім, мәдениет, қаржы орталығы атанған өзіміздің, жастардың сүйікті қаласы Алматыдан басталғанын бәріміз мақтан тұтамыз.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тарихындағы жаңа кезең, болашағымыздың бейнесін, келешегіміздің келбетін айқындайтын нық қадам дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Іргетасы қаланғанына мың жылдың жүзі болған Алматы еліміздің іскерлік, туризм, қаржы және мәдени орталығы тәрізді ерекше мәртебесіне сәйкес әлем жұртшылығы назарын аударған қалаға айналып, заманауи бейнесін қалыптастырып, жаһандану қарсаңындағы стратегиялық міндетін үлкен абыроймен атқарып келеді. Осыдан тура 25 жыл бұрын еліміздің алып шаһары Алматыда қазақ елінің тәуелсіздігі жария етіліп, әлем жұртшылығының назарын өзіне аударғаны мәлім. Тарихи күннен бастау алған жарқын, жасампаз істердің, ел өмірінде айрықша орны бар маңызды мәселелердің, ауқымды іс-шаралардың дені біздің қаламыздан өмірге жол тартып, орталықтан тепеpіш көріп келген санамызға рухани серпіліс әкелгені анық. Алматы және оның тұрғындары ары қарай да ұлт тәуелсіздігінің баянды, келешегінің кемел болуына, ел мұраты мен мүддесінің игілікті, ізгілікті жолда дамуына өз үлесін қосып келеді.

Әлем жұртшылығы көз тігіп, куәсі болған Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы, құрлық саңлақтарын жиған Қысқы Азиада ойындары, спорттың әр түрінен өтіп жатқан Әлем Кубогының ойындары, әлем біріншіліктері, түрлі




сала бойынша әлемдік деңгейде өтіп жатқан сан алуан іс-шаралар елдігімізді танытып қана қоймай, Алматы даңқын аспандатты. Төрткүл дүние студенттерінің басын қосқалы жатқан Универсиаданың Алматыда өткелі жатқаны көңілге қуаныш, шаттық ұялатыны да шындық.

Ғылым мен білім ордасы атанып, әлемдегі үздік университеттердің қатарынан орын алып үлгерген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де тәуелсіздіктің ғұмырлы болуына, қала абыройының биіктей түсуіне қосып келе жатқан үлесі өз алдына. Бәсекелестікке қабілетті, сапалы маман даярлап, Мәңгілік ел келешегінің кемел болуына айтарлықтай үлес қосуда.

Елбасы Н. Назарбаев «Мен халқымды сүйемін» атты кітабында «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек» екендігін есімізге салды. Шынында, ата-бабаларымыз арман еткен бостандықтың, еркіндіктің мәнін терең түсініп, іргетасын берік ету жолында әрқайсысымыздың да атқарар міндетіміз ерен болу керек екенін бағамдаймыз. Біз еліміздің ұландарына, ұрпақ зердесіне тәуелсіздік мұратына адалдықты ұялатуды үнемі ойлап, әрдайым ескеріп, қадағалап отырудан еш жалықпауымыз керек.

Тәуелсіздіктің тұғырлы болуында өзіндік зор үлесі бар қаламызда атқарылып жатқан сан салалы дүниелер де, ауқымды, маңызды шаралар да, қаланың көркейіп, дамуына, абыройының артуына еңбегі сіңіп, үлес қосқандардың қатарында туған университетіміздің, факультетіміздің де түлектері бар екенін мақтанышпен айтуға тиіспіз. Кеш барысында осындай тағылымды ойлар айтылып, Тәуелсіздік және Алматы туралы дерек пен дәйекке толы шежіре баяндалып, ол кафедра студенттері дайындаған ән-жыр кешіне ұласты. Студенттердің Алматы қаласы, оның бүгіні мен болашағы, тәуелсіздік тақырыбында оқыған өлеңдері кештің шырайын келтірді. Сан тарихтың куәсі болған шаһардың ертеңінің де кемел боларына сендірген студенттер оның алдағы уақытта да гүлденіп, айбынды бола береріне үлес қосуға дайын екендіктерін, «ақылды қала» атанар күннің алыс еместігін мақтанышпен жеткізді.

Ел өміріндегі мерейлі мерекелердің ортаалығына айналғалы отырған сүйікті Алматы келешегінің жарқын боларына, жастардың, қаланың жас тұрғындарының армандарының орындалуына сенгіміз келеді.

Біз тәуелсіздіктің алтын бесігі болған Алматыны сүйеміз. Ұлт арманының, рухының көрінісіндей, киесіндей Тәуелсіздігімізге бас иеміз. Біз Алатаудай мұраты бар жастарға сенеміз.

Тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор кештен түйген ой, осы.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**
*филология және әлем тілдері факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы*

**Халықаралық ғылыми «Айқап» журналының 3-басылымы жарық көрді**

# «О, АДАМДАР, МЕН СЕНДЕРМЕН БІРГЕМІН!»



**Жуырда «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында философия және саясаттану факультетінде «О, адамдар, мен сендермен біргемін» атты тәрбиелік іс-шара өтті. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенттерінің қатысуымен өткен тәрбиелік сағат отызында жалғаннан жалт беріп, бақиға озған Төлеген Айбергеновтің шығармашылығына арналды.**

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», Абай жолын жалғаған, Алаштың болмысын адам баласына паш еткен, қазақтың тұңғиық жер асты суындай тұнық та, мөлдір поэзиясының саф таза сағыныш пен махаббатқа толы мекен – Айбергенов әлемі. Сол жыр әлеміне студенттерді жетелеген сабақ барысында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған баяндамалар оқылып, видео материалдар көрсетілді. Топ студенті Әсел Қамбарбек Төлеген Айбергеновтің сөзіне жазылған Ш.Қалдаяқовтың «Ақ жайық» әнін тамылжыта орындап, сабақтың сәнін келтіре түсті. Әдемі ән ақын өлеңдерімен жалғасты. Талшын Майтқұлованың Т.Айбергенов шығармашылығындағы шоқтығы биік туындысының бірі – «Ана» өлеңін ерекше мәнермен оқуы, Латифа Жайманның «Сен менің өзімді көрсең» атты қара өлеңді жатқа, әсерлі де әдемі жеткізуі жүректерде үлкен әсер қалдырды. Т.Айбергеновке арнап Гүлназ Бижігітова «Ақынға арнау» деген өз туындысын тарту етті. Тәрбие сағаты Бексейіт Жадыраның тақырыпқа арқау болған, ақынның «Адамдар» атты шығармасын оқуымен қорытындыланды.

**К.Б. ЖҰМАБЕКОВА,**
*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының» куратор-эдвайзері*

**Жуырда философия және саясаттану факультетінде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына орай жалпы және қолданбалы психология кафедрасы студенттерінің қатысуымен «Алматының 25 кереметі» атты тәрбиелік шара өтті.**

# Алматының 25 кереметі



Жас ұрпақтың патриоттық сезімін оята отырып, елін, жерін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеуді мақсат еткен шарада студенттер тәуелсіздігіміздің алтын бесігі – Алматы қаласының 25 көрнекті орнының тізімін жасады. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы құрметіне таңдап алынған тізімнен ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы, қаламыздың ең көрікті жерлерінің бірі – ҚазҰУ да ерекше орын алды. Сонымен қатар қала үшін маңызға ие орындардың қатарында ҚР тұңғыш Президентіне арнап салынған Президенттік саябақ, Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ спорттық кешені, Көктөбе, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театры, Ұлттық орталық музей, Жануарлар бағы, Балуан Шолақ атындағы спорт кешені, Неке сарайы, «Қазақстан» қонақ үйі сынды тарихи орындар бар.

Асқар Алатаудың баурайында орналасқан мың жылдық тарихы бар шаһарға саяхат жасай отырып, тізімді жасау барысында студенттер өздері үшін көптеген қызықты мәліметтер тапты. Олар тізімге енген әрбір нысанның тарихына үңіліп, қала өміріндегі атқаратын орны жайлы ойларын ортаға салды. Тәрбиелік шара барша студенттер үшін тың деректерге толы болды. Жастар туған қалаларының әсем табиғатына тамсанып, өз елдерінің ширек ғасыр ішінде қол жеткізген табыстарын мақтан тұтатындарын жеткізді.

*профессор, псих.ғ.д.*
**Н.Қ. ТОҚСАНБАЕВА,**
*доцент, псих.ғ.к.*
**Н.С. ЖҰБАНАЗАРОВА,**
*жалпы және қолданбалы психология кафедрасы*

# ЭВОЛЮЦИЯ КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ОСНОВ
## *и практики многовекторной внешней политики Казахстана*

**Факультет международных отношений, Институт проблем безопасности и сотрудничества, Ресурсный центр американских демократических исследований и Ресурсный и информационный центр о НАТО КазНУ им. аль-Фараби провели международную научно-практическую конференцию «Эволюция концептуальных основ и практики многовекторной внешней политики Казахстана», посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан.**

В работе конференции приняли участие казахстанские ученые, профессора из США, Великобритании и Франции, представители МИД РК, дипломатического корпуса.

В ходе конференции отмечалось, что с момента провозглашения своего суверенитета Казахстан демонстрирует миролюбивую направленность своего международного курса. Получив признание со стороны международного сообщества, Республика Казахстан демонстрирует важные внешнеполитические инициативы. Наряду с этим Казахстан стремился к установлению и укреплению отношений с ведущими странами мира, участию в международных политических, военных и экономических организациях для нужд своего развития.

В рамках конференции прошло широкое обсуждение внешнеполитических достижений Республики Казахстан в годы независимости, анализ эволюции концептуальных основ многовекторной внешней политики страны, обсуждение перспектив развития ее основных направлений, а также современных угроз безопасности в Центральной Азии.

Советник Представительства МИД в г. Алматы Д.Т. Жакенов, поприветствовав участников конференции, в своем выступлении раскрыл роль внешней политики Казахстана в укреплении мира и согласия в мировом сообществе, в обеспечении устойчивого развития страны.

Профессор Кукеева Ф.Т. в своем выступлении отметила, что «многовекторность РК означала и означает определенный дипломатический стиль, выгодный метод ведения внешней политики, следуя которому наиболее полно реализуются национальные интересы, сформулированные правящей элитой». Во внешнеполитической концепции РК 2014-2020 гг. принцип многовекторности, сохраняясь как основа внешней политики РК, развивается в сторону сбалансированности, прагматизма, взаимной выгоды, твердого отстаивания национальных интересов страны. Сделанный анализ позволяет говорить о том, что многовекторная внешняя политика не является застывшим конструктом. Сегодня мы говорим об эволюции ее концептуальных основ и модернизации ее практики.

В выступлении профессора Университета Гавр П. Шабаль была проанализирована роль Казахстана в региональном контексте, и отмечено, что наша страна является центром региональной оси Россия – Казахстан – Китай.

Эволюция развития одного из важных стратегических направлений двустороннего сотрудничества Казахстана и США была проанализирована в докладе профессора Университета Скрэнтон Ш. Бреннан (США).

Ряд дискуссионных вопросов о дальнейшем развитии многовекторности внешней политики Казахстана были подняты в выступлении доктора Р. Макдермотт (Великобритания).

Выступление профессора Байзаковой К.И. было посвящено роли Казахстана в обеспечении глобальной и региональной безопасности. Исходя из существующих тенденций развития современного мира и собственного видения современных проблем международной безопасности и разоружения, Казахстан целенаправленно и активно участвует во всех процессах строительства систем безопасности и разоружения на всех уровнях международного и регионального сотрудничества. Новые геополитические реалии, влияющие на безопасность РК, свидетельствуют о расширении диапазона возможностей и одновременно об усложнении политического пространства по периметру границ Казахстана.

Проанализировав участие Казахстана в укреплении международной безопасности, проф. Байзакова К.И. доказывает, что Казахстан вносит реальный и конструктивный вклад в укрепление региональной и глобальной безопасности, признанный ООН и всем мировым сообществом. А избрание Казахстана в число непостоянных членов Совета Безопасности ООН на 2017–2018 годы внесет вклад в глобальную повестку дня международной безопасности.

Таким образом, в ходе конференции прошел обмен мнениями казахстанских и зарубежных экспертов по широкому кругу вопросов внешней политики Казахстана.

**К.И. БАЙЗАКОВА,**
**Ф.Т. КУКЕЕВА,**
*профессора кафедры международных отношений и мировой экономики*

**С 27 ноября по 4 декабря в КазНУ при поддержке DAAD пройдет Зимняя школа «Казахстан – Германия: немецкие традиции, немецкий язык, сотрудничество»**

# ТІЛ – ТҰНЫҚ ОЙДЫҢ КӘУСАРЫ

**Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Тілдің, сөздің орны ерекше. Осы орайда №1 Студенттер үйінде «Ядролық физика» мамандығының 1-курс студенттері мен кураторларының ұйымдастыруымен «Тіл-тұнық ойдың кәусары» атты іс-шара өтті.**

Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет ана сүтімен кірмейді. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қамкарекетсіз болған емес. Жиырмасыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс соның айғағы. Осылайша, ел тағдарын тіл тағдырымен байланыстырған студенттер «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте», «Ең көп таралған 10 тіл», «Өз бетінше шет тілін қалай үйренуге болады?», «Ағылшын тілі қазақты қайда апарады?» атты тақырыптарда баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды.

ХХ ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін Егемендіктің көк туы желбіреуі. Ата-бабаларымыз көксеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз – халқымыздың аса бай рухани қазынасы – ұлттық рухты, ұлттық мінезді, ұлттық намыс пен салт-дәстүрді өзге елге таныту арқылы әлемге Мәңгілік ел екенімізді көрсету. Демек, ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жастар осылай деп ой түйді.

**Г. НҰРБАҚЫТ,**
*теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушысы*

# ТАРИХ АҚИҚАТЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да шетелден келген тыңдаушыларымызға мақтанышпен көрсететін мәдени орындарымыз көп. Солардың бірі – университеттің терең тарихынан сыр шертетін ҚазҰУ мұражайын жуырда «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы оқытушыларының бастамасымен шетелден келген студенттер аралап шықты.**



Мұндағы мақсат – жастарға өздері білім алып жатқан қарашаңырақ жайлы толық мәлімет беру, университетіміздің құрылғанынан қазіргі уақытқа дейінгі жетістіктерімен таныстыру, осы университеттің басшылары, академик, профессор, оқытушы құрамының еңбектерінен хабардар ету. Мұражайдағы әр факультет жайлы толық дерек беретін тамаша экспозициялар ондағы қызметкерлердің біліктілігін аңғартып тұрды. Мұражай қызметкерлерінің өз келушілерін жылы ілтипатпен қарсы алып, тарихи деректерді мазмұнды түрде түсіндіріп беруі келушілердің қызығушылығын арттыра түсті. Шетелден келген қазақ диаспора өкілдері өздерінің ризашылықтарын білдіріп, ерекше әсер алғандықтарын айтып жатты.

Біздің бұл саяхатымыз арқылы ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейге көтерілген, бәсекеге қабілетті, қазақ елінің мәдени, рухани, тарихи құндылықтарын бойына сіңірген өнегелі мамандар даярлайтын іргелі оқу ордасы және осы мұражайдың ашылуына Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың келу сапары ұйытқы болып, сол кісінің құрметіне дайындалған тарихи мұра екендігіне көздері жетіп қайтқан тыңдаушыларымыз болашақта ҚазҰУ студенті атануды мақсат етіп, жоғары балл жинау міндетін алға қойғандықтарын жеткізді. Жалпы тәрбиелеп жатқан шәкірттеріне дұрыс жол көрсетіп, Отансүйгіштікке, патриоттыққа, білімділікке, алдына қойған мақсат-міндеттерінің нақты болуларына бағыт-бағдар беру – әрбір ұстаз бен оқытушының асыл міндеті болып табылады.

**Өріккүл САНДЫҚБАЕВА,**
*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің доценті, фил.ғ.к.*

# Честь представлять КАЗАХСТАН

**Я горжусь тем, что мне выпала честь представлять нашу Республику Казахстан и Казахский национальный университет имени аль-Фараби на Первом Евразийском гражданском форуме «Молодежь за общее будущее» (ЕГФ). Международный форум проходил в Ереване.**



30 лидеров общественного сектора, экспертов, политологов и журналистов из России, Казахстана, Белоруссии, Кыргызстана и Армении на протяжении пяти дней обсуждали проблемы и перспективы евразийской интеграции, процессы сближения неправительственных организаций союзных государств, разрабатывали предложения и резолюции по развитию гражданского общества стран ЕАЭС.

Каждый из пяти дней форума был посвящен государству-участнику Евразийского экономического союза, представители которого рассказывали о его современной общественной и экономической жизни и деятельности своих организаций.

В рамках форума участники посетили ереванский филиал Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова, где состоялась панельная дискуссия "Евразийский Союз: вчера, сегодня, завтра". На научную площадку были приглашены помощник Председателя Коллегии ЕЭК Юлия Чалая, главный специалист Департамента развития интеграции ЕЭК Дмитрий Ежов, председатель Евразийского движения Российской Федерации Юрий Кофнер, а также армянские эксперты: Ашот Таводян, Ашот Тевикян и Самвел Манукян. Специалисты рассказали об основных направлениях международной деятельности ЕАЭС, преимуществах вступления государств в ЕАЭС, достигнутых ЕАЭС экономических результатах и перспективах кооперации между ЕС и ЕАЭС.

Активная часть форума проходила в рамках деловой игры «Модель ЕАЭС» и в форме организации проектных команд. «Модель» предполагала разделение делегатов на страны, которые представляли свои интересы в Высшем экономическом совете ЕЭК. Перед нами была поставлена задача с учетом экономических выгод для ЕАЭС предложить вступить в Союз любому государству либо создать с ним зону свободной торговли. По итогам двух дней команды согласовали вступление в качестве полноправного участника ЕАЭС Узбекистан и Таджикистан, а создание ЗСТ – с Украиной (при условии ее выхода из ЗСТ с Европейским союзом), Грузией (при условии ее выхода из ЗСТ с Европейским союзом), Монголией и Ираном.

Во время командной работы мы разрабатывали международные проекты в рамках евразийского сотрудничества, которые в виде Генеральной резолюции были подписаны каждым из них. Это явилось одним из важных результатов пятидневного форума. Среди проектов – создание Евразийского научного координационного центра, в задачи которого входит аккумулирование всех научных работ, разработанных на пространстве ЕАЭС, с бесплатным правом доступа к ним гражданам Союза; Программа студенческого и преподавательского обмена между вузами ЕАЭС с целью повышения образовательного уровня граждан Союза; Программа социальной адаптации трудовых мигрантов в ЕАЭС и так далее. Данные проекты в рамках форума были доведены до состояния готовности к подаче на конкурсы грантов, проводимых на евразийском пространстве.

Целью проведения игры «Модель ЕАЭС» было понимание общих интересов, которые есть у стран-участниц Евразийской интеграции. Мы входили в переговоры, дискутировали, доказывали состоятельность того или иного предложения. К примеру, много споров вызвало «желание» Монголии вступить в ЕАЭС или Грузии.

Однако в итоге уже поздно вечером мы пришли к компромиссу. Несмотря на то, что каждая страна имеет свой национальный интерес, у нас есть и общее понимание вопросов, по которым есть стыковка, поэтому мы и являемся членами одних организаций – ЕАЭС, ОДКБ и других. Лучшим участником «Модели» по итогам общего голосования стала делегат от Кыргызстана Айсуйкум Талантбекова. Она получила право на двухмесячную бесплатную стажировку в Евразийской экономической комиссии в Москве.

В завершающий день Гражданского форума состоялось первое генеральное заседание Совета, на котором были выбран его руководитель – на предстоящий год им стал президент Общественного движения "Заргацум" Ваган Егиазарян, также были избраны секретарь и координаторы - представители Совета от каждого из пяти государств ЕАЭС.

Кроме упорной работы над совместными проектами, мы все смогли попасть на торжественный парад военной техники, приуроченный к 25-летию Независимости Армении, где увидели новый ракетный комплекс «Искандер М». На Площади Республики наша интернациональная делегация дала интервью республиканскому телевидению и поздравила Армению с праздником.

Участники форума посетили знаковые достопримечательности – единственный в СНГ античный языческий храм в Гарни и монастырский комплекс Гегард, которые входят в список Всемирного наследия ЮНЕСКО, музейно-мемориальный комплекс Цицернакаберд, посвященный Геноциду армян. Наша делегация возложила цветы к Вечному огню в память о полутора миллионах жертв.

**Карлыгаш ТУРСЫНБАЕВА,**
*магистрант совместной образовательной программы «Физика-ТПУ»*

**30 қараша күні Әл-Фараби кітапханасында Германия профессоры Константин Шамбердің шеберлік сағаты өтеді**

Жалғасы. Басы 1-бетте







# РУХТЫ ОЯТҚАН ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ









газетінің бас редакторының орынбасары Нұрперзент Домбай, ҚазҰУ түлегі, «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» жобасының демеушілері – «ASSEM NURSEIT» аксессуарлар галереясының директоры Әсем Нұрсейіт және «DANA NABI» сән үйінің директоры Дана Наби, қара шаңырағымыздың түлегі, актриса, «Қазақ аруы – 2014» байқауының жеңімпазы Гүлнәз Жоланова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие ісі жөніндегі департамент директоры Жұлдыз Дәпенкызы және “Жігіттер” тобының әншісі Бағлан Әбдiраимов, ҚазҰУ Студенттер сенатының төрағасы Назарбек Батыр және актер, тележүргізуші Серік Шәріп болды. Сонымен қатар, Республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Самат Ибраим байқауға арнайы келді.

Студенттерді марапаттау рәсімінде «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры-редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин сөз сөйлеп, «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» байқауы ҚазҰУ-да тұрақты түрде өткізіліп келе жатқанын және де тарихының терең екенін атап өтті. «Бұл шара үлкен мәдениетке тәрбиелейтін және шашасына шаң жұқтырмай шыңға шығатын таланттарды танытатын мереке», – деді ол.

ҚазҰУ-дың тәрбие ісі жөніндегі департамент директоры Жұлдыз Дәпенкызы байқау жастардың өзін-өзі жетілдіруіне және тануына, азаматтық-тұлғалық болмысының қалыптасуында маңыздылығын тілге тиек етті. Сонымен қатар, қатысушылардың шығармашылық ізденісін арттырып, бұл жобаның жоғары деңгейде өтуіне орасан зор үлесін қосқан университет ректоры Ғалым Мұтанұлы мен әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызына және байқау демеушілеріне алғысын білдірді.

Қатысушылар демеушілердің арнайы сыйлығына ие болып, өнері мен өресіне сай номинацияларға ұсынылды. Физика-техникалық факультетінің студенті Шалқар Құдайберген «Dostyk travel» компаниясы ұсынған Дубайға жолдаманың иегері атанды. Кіл үздіктердің арасынан топ жарған механика-математика факультетінің студенті Әлібек Қайратұлы мен филология және әлем тілдері факультетінің студенті Айдана Әбен үшінші орын алса, химия және химиялық технология факультетінің студенті Даяна Амирина мен журналистика факультетінің студенті Есентемір Қуанышбек екінші орынға лайықты деп танылды. Бірінші орынды халықаралық қатынастар факультетінің студенті Ақсәуле Қалиахмет және физика-техникалық факультетінің студенті Шалқар Құдайберген жеңіп алды. Ал журналистика факультетінің студенті Алтынай Алмабаева «Ана тілі аруы», ал филология және әлем тілдері факультетінің студенті Қадір Амантай «Жігіт сұлтаны» атағын иемденіп, жеңімпаз атанды.

Өткен жылғы «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» – Әсел Жұтаева мен Тоқтар Дәулет бас жүлде иегерлеріне дәстүр бойынша тәж бен белбеу табыстады. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан байқау жеңімпаздары қуаныштарын жеткізіп, өркендеген заманда өзіндік қолтаңбасы бар аталмыш жобаның орны айтарлықтай екенін айтты. ҚазҰУ Студенттер сенатына және өз факультеттеріне ризашылықтарын білдірді.

**Жазерке КАРАТАЕВА**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші –Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №745

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.